



Жәңгір хан университетінің

жарқын белесі

Жұма күні Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің 60 жылдық мерейтойы аясында түлектер мен қамқоршылар форумы өтті.

Мерейтойға облыс әкімі Нариман Төреғалиев, аталмыш оқу ордасын бітірген қаламыздағы белгілі кәсіпорындардың басшылары, сан саланың мамандары, профессор-оқытушылар және студенттер қатысты. Іс-шараға келген қонақтар алдымен бас ғимараттың фойесіндегі жетістіктер көрмесімен танысты. Көрмеге кейінгі 5-6 жылда жеткен жетістіктер қойылған. Университеттің ғылым жөніндегі проректоры Әлжан Шамшидин көрме жайлы айтып өтті. Оның сөзіне сүйенсек, оқу ордасында халықаралық деңгейде белгілі зертханалар ашылған.

Аталмыш зертханалық еңбектер де бүгінгі көрменің төрінен табылды. Мұндағы жануарлар генетикалық-биотехнологиялық лабораториясы дүниежүзі бойынша алғашқы жүздікке енді. Осылайша бүкіләлемдік генетиктер ассоциациясына мүше болып отырмыз. Одан кейін мал шаруашылығы бойынша бес жыл ішіндегі жұмыстар нәтижесінде 10 селекциялық жетістікке қол жеткіздік. Ғалымдарымыз «Ақылды ферма» жобасы аясында жайылымды жыл бойы бабында ұстап тұратын технология ойлап тапты. Бұл технология қазіргі кезде Қазақстанның батыс, солтүстік, оңтүстік және орталық аймақтарында өндіріске енгізіліп, шаруашылықтардың пайдалануына берілуде. Оны да көпшіліктің назарына ұсынып отырмыз. Ғалымдар шалғайдағы жайылымдарда еріген қар суын үнемдеуді ойластырып, арнайы технология ұсынды. Бұл да бүгінде сұранысқа ие. Сонымен қатар



үй жануарларын зарарсыздандыру, киіктердің санын реттеу технологиялары мен өңделген құрылыс материалдары сияқты жетістіктерді өндіріске ұсынудамыз. Мұның бәрі университетіміздің абырой-беделін арттыруда, – деп таныстырды Әлжан Смайылұлы.

Бас ғимаратқа жиналған қонақтың қарасы қалың болды. Олардың дені көрмені тамашалады. Фойеде көрмеден бөлек университеттің 60 жылдығына арнайы шығарылған «Жәңгір ханның сара жолы» кітабы сатылды. Таралымы 500 дана болған кітапта университет тарихында елеулі із қалдырып, қарқынды дамуына үлестерін қосқан ардагер ұстаздардың өмірі мен еңбек жолы баяндалған. Сондай-ақ мемлекет пен өңір экономикасының ілгерілеуіне атсалысқан түлектер де бұл тізімнен тыс қалмапты.

Жалпы Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің тарихы әріден бастау алады. Қазақ Кеңестік Республикасының Министрлер кеңесінің қаулысымен 1963 жылы Батыс Қазақстан ауыл шаруашылығы институты

болып құрылған. Жыл өткен сайын білім беру стандарттарын жақсартып, оқытудың жаңа әдістерін енгізіп, сұранысқа ие мамандықтарды қолдап келеді. Бүгінгі таңда университетте 344 профессор-оқытушы жұмыс істейді. Атап айтсақ, 12 профессор, 15 ғылым докторы, 25 доцент, 70 ғылым кандидаты, 47 PhD атағын алған азамат және 400-ге жуық қызметкер бар. Мұнда «Экономика, ақпараттық технологиялар және кәсіптік білім беру», «Агротехнология», «Ветеринариялық медицина және мал шаруашылығы», «Индустриалды-технологиялық» және «Политехникалық» салалар бойынша бес институт жұмыс істейді. Бұл жөнінде ветеринария ғылымдарының докторы, 90-нан астам ғылыми еңбектің ауторы, оқу орнында 12 жыл ректор қызметін абыроймен атқарған еңбек ардагері Қазыбай Бозымов қысқаша баяндап берді.

– Қашанда университеттің тарихымен мақтанамыз. Оқытушылар құрамы студенттердің жаңа биіктер мен жетістіктерге ұмтылуына жол ашады. Оларды аймақтық, ұлттық және халықаралық еңбек нарығына дайындап,

жүйелі жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыруға тырысуда. Техникалық мамандықтарды игерген түлектер «Батыс Қазақстан машина жасау компаниясы», «Орал трансформатор зауыты», «Белес-Агро», «Жайық Агро LTD», «Стекло Сервис», «Халық банкі» облыстық филиалы, «World Green Company» сияқты жетекші мекеме-кәсіпорындарға жұмысқа орналасты. Ал ауыл шаруашылығы мамандықтарының түлектері біздің өңірдің және көршілес облыстардың агроқұрылымдарында, ауыл шаруашылығы министрлігінің аумақтық бөлімшелерінде еңбек етеді. Қазір мұнда 18 ғылыми-зерттеу үйірмесі бар, онда 500-ге жуық студент ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысып жүр, – деді ол.

Бұл ретте білікті тұлғалар тек білім беріп қана қоймай, студенттердің тәрбиесіне де көңіл бөледі. Білімге деген ынтасы бөлек олар спортпен де шұғылданады. «Жәңгір хан» спорт кешенінде спорттың 17 түрі бойынша жаттығады. Спортшы студенттердің арасында 4 әлем чемпионы, 7 әлем чемпионатының жүлдегері, Азия чемпионатының

4 жеңімпазы және 8 жүлдегері, 20-ға жуық ҚР чемпионы бар. Сондай-ақ 4 халықаралық дәрежедегі спорт шебері, 12 спорт шебері, 80-ге жуық спорт шеберіне үміткер білім алушылар оқу орнының мақтанышына айналған. Бүгінде университеттің ғылыми әлеуеті мықты, жағымды жаңалықтары да көп. Осынау оқу орнының 60 жылдық мерейтойына асыққан түлектері де аз емес. Айта кетейік, былтыр Қамқоршылар кеңесі мүшелерінің және университет түлектерінің бастамасымен мерейтой қарсаңында «Ұстаздар галереясы» жасақталып, ұлағатты ұстаздардың фотосуреттері ілінген. Сондай-ақ шағын алаңның құрылысы жүзеге асырылып, оған ыңғайлы орындықтар орнатылып, демалыс саябағы құрылған. Түлектер тарту еткен саябаққа студенттер жиі барып, оқу мәселелерін талқылап, идеяларымен бөліседі екен.

Мерекелік форумның бағдарламасы бойынша қадірлі қонақтар университет ғимараттарын араласа, алыстан келген түлектер аудиторияларда студенттермен кездесіп, «Табыс формуласы» атты дәрістерін өткізді. Осы дәрістердің біріне біз де қатысып, түлектермен тілдестік. Университеттің 2001 жылғы түлегі Болат Айталы қазіргі кезде ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің «Республикалық ветеринариялық зертхана» ШЖҚ РМК бас директорының өндірістік қызмет жөніндегі орынбасары боп қызмет атқарады.

– Мұнда тәлім алған жылдары ғылымға ден қойып, саланың сан қырынан зерттеулер жүргізген едік. Ол үшін бірінші кезекте оқытушыларға алғыс. Бүгінге дейін ветеринария саласында түрлі қызметтерде болдық. Жеткен жетістіктеріміз ұстаздарымыздың берген бағыт-бағдарынан. Сондықтан да оларға қашанда ризашылығымды білдіремін. Бүгінгі заманда білімді адамдар басшылық

қызметке тағайындалады. Сапалы білімі бар, оқыған азаматтар елдің тізгінін ұстауға лайық екендерін дәлелдеуде. Осы ретте студент жастарға да жүйелі оқу керек. Университеттің мерейтойы құтты болсын! – деді Болат Ермекұлы.

Әрі қарай қонақтар мен студенттер форум өтетін залға жинала бастады. Түлектер мен қамқоршылар қауымдастығының кеңейтілген отырысында облыс әкімі Нариман Төреғалиев университеті ұжымының рөлі зор деп білемін және ел игілігі үшін бірге қызмет атқарамыз деп сенемін, – деді өңір басшысы Нариман Төреғалиұлы.

Жиында университеттің түлегі, қазіргі кезде ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Серік Егізбаев студенттік шағын, яғни 43 жыл бұрынғы кездерін есіне алып, оқу орнының ұжымына ризашылығын білдірді. Форумның спикерлері – облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Мұқаев, «Белес» компаниялар тобының бас директоры Мұрат Жәкібаев, «Қазақстан Халық банкі» АҚ облыстық филиалының директоры Игорь Стеков, «Орал транс-



калық университеті жетекші техникалық университеттердің рейтингінде 4 орынға ие болды. Бұл – үлкен жетістік.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев биыл 1 қыркүйектегі «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Жолдауында ауыл шаруашылығы саласын ғылыммен, инновациямен ұштастыру қажеттігіне баса назар аударып, саланың стратегиялық маңызды рөлін атады. Сондай-ақ шетелдің танымал агро-ғылыми орталықтарымен толыққанды ғылыми-тәжірибелік ынтымақтастық орнату керектігіне баса назар аударды. Президент «Қазіргі ауыл шаруашылығы – жоғары технологиялы сала. Шаруаларды жер жағдайы немесе ауа райы емес, инновациялық амал-тәсілдер табысқа жеткізеді. Заманауи ғылымға сүйенбесе, ауыл шаруашылығы жай тоқырауға емес, құрдымға кетеді. Біз жеке ғылыми-технологиялық бастамаларды қолдай-

форматор зауыты» ЖШС-ның басқарушы директоры Даурен Тұрлыбеков, Shell Kazakhstan жергілікті мазмұны бойынша менеджері Ринат Хусаинов және университет түлектері мен қамқоршылар қауымдастығының төрайымы, мансап және бизнес-серіктестік орталығының директоры Зәмзәгүл Сұлтанова оқу ошағының өткені мен бүгінге көз жүгіртіп, алдағы уақытта бірлесіп атқаратын жұмыстар жөнінде ұсыныс-пікірлерін ортаға салды. Жиын соңында Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-дың басқарма төрағасы, ректор, ветеринария ғылымдарының докторы, профессор Асқар Наметов келген қонақтарға алғысын айтып, түлектерді мерейтойлық төсбелгімен марапаттады. Кең көлемде өткен форум концерттік бағдарламаға ұласып, студенттер өз өнерлерін көрсетті.

Аманжол ИСЛАМҒАЛИ,
«Орал өңірі»

